Номофобия туралы не білесіз?
3-бет

Он алты жастағы өскемендік спортшы Әлем чемпионы атанды
4-бет

DIDAR
№37 (18198) • 2 сәуір • 2022 жыл • сенбі
SHYǴYS QAZAQSTAN OBLYSTYQ GAZETI
• WWW.DIDAR-GAZETI.KZ • 1931 жылдың 24 қазанынан шығады

AMANAT

## Шалғай ауылдарға ат басын бұрмақ

**Кезектен тыс XXII съезде партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев саяси ұйымның жұмысын жандандыруды тапсырып, қоғамдық қабылдау бөлмелері шағымдармен ғана емес, елді дамыту жөніндегі нақты идеялармен келетін азаматтар үшін тартымды орынға айналуы тиіс екенін айтқан-ды.**

Ержан ӘБІШ, ӨСКЕМЕН

Сондай-ақ Президент халықпен байланысты күшейту, оның ішінде азаматтарды көшпелі қабылдауды ұйымдастыру қажеттігін жеткізген.

– Мобильді қоғамдық қабылдау жасау Шығыс Қазақстанда да басталды. Алғашқы қабылдауды ауа райы қолайсыздығына байланысты Глубокое ауданының Уварово, Прапорщиково ауылдарынан бастап отырмыз. Алдағы уақытта барынша шалғай елді мекендерді қамтимыз. Топ құрамына филиал қызметкерлері, мәслихат депутаттары, өңірлік саяси кеңес мүшелері енді, – дейді Amanat партиясы облыстық филиалы атқарушы хатшысының міндетін орындаушы Айгүл Байжанова.

▶ 2

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Мемлекеттік грант мөлшері өсті

**Биылдан бастап бизнесті дамыту мақсатында жастарға берілетін мемлекеттік грант мөлшері 1,2 млн. теңгеге өсті.**

Жастарға және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға биз-

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

# Алты мыңға жуық адам Алтайды бетке алған



ҚЫСҚА-НҰСҚА

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев премьер-министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевты қабылдады.**
Мемлекет басшысына елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, кеден ісін жетілдіру, шетелдегі қаржыны қайтару туралы ақпарат берілді. Кездесу соңында Президент бірқатар нақты тапсырма жүктеді.

**Елімізде зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үйге немесе емделуге мерзімінен бұрын алу үшін жеткілікті шек өсті.**
1 сәуірден бастап жеткілікті шек екі есе өсті. Мысалы, қырық жастағы адамдар үшін жеткілікті шек 5,79 миллион теңге болды, бұрын ол 3,42 миллион теңге болатын.

**1-4 сәуір аралығында өңірде ауа температурасы күрт жылынып, өзендерде су деңгейі көтерілуі ықтимал.**
Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, қар жылдам еріп, қызыл су жүруі мүмкін. Яғни, елді мекендерді су басу қаупі артады.

**Семейде биыл 35 аула абаттандырылып, 23 балалар және жеті спорт алаңы салынады.**
Қала әкімдігінің мәліметінше, осы жылы аулаларды абаттандыруға, балалар және спорт алаңдарын орнатуға 890,5 миллион теңге бөлінген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда сегіз есеге артық.

**Үржар ауылына еліміздің төрт**

